

БӨЛІМ: ҚАЗАҚ ТІЛІ

Латын графикасына енгізілген ережелерді сақтау.

ЖАРИЯЛАНДЫ
25.11.2021СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/111328/

Ереже түзуде ұлттық тілдің ерекшеліктері мен заңдылықтарына сәйкес болуы, дәстүрге айналған базалық нормалардың сақталуы, техникалық жақтан қолдануға оңтайлы, жинақы болуы, халық тілінің дыбыстық қор әлеуетінің кеңірек қамтылуы, жаһандану үрдісінде жазу-сызудың ұлттық сипатының сақталуы ерекше назарға алынды. Сонымен бірге бұған дейінгі жазу тәжірибесі, тұрақталған нормалары, латын негізді әліпбиді қолданған және қолдана бастаған түркітектес халықтардың емле тәжірибелері ескерілді Қосымшалар түбірдің соңғы буынындағы дауысты дыбыстың үндесіміне қарай не жуан, не жіңішке жалғанады.

Сөздің соңғы дыбысы қатаң болса, қосымшалар қатаңнан, ал дауысты, ұяң немесе үнді болса, қосымшалар ұяң не үндіден басталып жалғанады.

Түбірдің соңғы буынында үнді дауыссыз дыбыстан кейін тұрған **у, і** әріптері тәуелдік қосымшасы жалғанғанда түсіріліп жазылады.

Е с к е р т у. Мағынасына нұқсан келетін сөздерде **у, і** түсірілмей жазылады.

Соңғы буынында **á** әрпі жазылатын түбір сөздерге ашық дауыстылармен келетін қосымшалар ғана жуан жалғанады.

s, z, j дыбыстарына аяқталатын сөздерге **s, sh** дауыссыздарынан басталатын қосымша жалғанғанда, түбір сақталып жазылады.

n дыбысына аяқталатын сөздерге **b, g, ǵ, m** дауыссыздарынан басталатын қосымша жалғанғанда, түбірдің негізгі тұлғасы сақталып жазылады.

Сөз соңындағы **k, q, p** әріптері тәуелдік жалғауы немесе көсемшенің **-a, -e, -i** жұрнағы жалғанғанда, **g, g', b (y)** болып жазылады. **Бірақ** *sap – sapy, sapynda, tarap – tarapy* тәрізді сөздердің түбір тұлғасы сақталып жазылады.

Екінші сыңары *basy, asy, a'g asy, anasy* тұлғаларымен келген біріккен сөздерде қосымша сөздің тәуелдік формасына жалғанады. Тәуелдік жалғауының III жағы жалғанбайды.

Түбір сөзге *-hana, nama, -g'oi, -qoi, -kez, -kesh, -paz, -ger, -ker, -tal, -dar, -qor* тәрізді араб, парсы тілінен енген және *-k'ınem, -niki (-diki, -tiki), -men (-ben, -pen)* тәрізді төл қосымшалар сөздің соңғы буынының жуан-жіңішкелігіне қарамай жалғанады.

Қысқарған сөздер емлесі.

Басқы әріптерінен қысқарған күрделі атаулар бас әріппен жазылады: *EQYU (E'ýropada'guy qa'yipsizdik jáne yntymaqstasyq uıymy); AQ (Aksionerlik qo'gam); AAQ (Ashyq aksionerlik qo'gam); JShS (Ja'yapkershiligi shekte'yli seriktestik); DDSU (D'úniejúzilik densa'ylyq saqta'y uıymy)*. Қосымшалар қысқарған сөздің айтылу заңдылықтарына сәйкес дефис арқылы жазылады: *EQYU-ǵa; EO-ǵa; JShS-nyń , JShS-ǵa; AQ-nyń ; DDSU-ǵa; TMD-ǵa, MKK-ge*. Бірақ *AQSh-qa* деп жазылады.

Ағылшын тіліндегі атауы бойынша қысқарған әлемдік мәртебесі жоғары халықаралық ұйым атаулары түпнұсқа тіліндегідей жазылады: *UNESCO, USAID, NATO, EXPO*. Қосымшалар қысқарған сөздің айтылуына қарай дефис арқылы жалғанады: *UNESCO-nyń , -ǵa; USAID-tyń, -qa; NATO-nyń, -ǵa; EXPO-nyń, -ǵa*.

Аралас қысқарған сөздер төмендегідей жазылады: *QazU'Y (Qazaq ulttyq y'niversiteti); E'ýroodaq (E'ýropalyq odaq)*. Қосымшалар соңғы буынға үндесіп жалғанады: *QazU'Y -dyń, -ǵa; E'ýroodaq-tyń, -qa*.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.